



*Qazaqstan Respýblikasy Mádeniet jáne sport ministri
Aqtoty Rahmetollaqyzy Raiymqulova*

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы үйымдастырған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі қарсаңында өткізіліп отырған «Креативті кеңістіктегі жастардың шығармашылық бірлестіктері: стратегиялар, білім беру ортасы, іске асыру тетіктері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына табыс тілеймін!

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде қазақстандықтар үшін басты бағдар болатын және мемлекет ретінде басты маңызы бар «Мемлекеттікін жеті тұғыры» қағидаттары жинағында «Қазақ елінің қалыптасуының маңызды құралы: елдегі дарынды, шығармашыл, жігерлі және мақсатты жастар. Өсіреле, белсенді, табысты жастардың ірі компанияларда еңбек етіп, әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалықтар ашып, өмірдің өр саласында көсіби танылып жатқанын көру қуантады» деген еді. Сондықтан, креативті индустрия мәселелері конференция жұмысында төмендегі мәселелерді талдап, тиімді ұсыныстар жасайтындығына сенімдімін:

1) Елімізде қазір креативті нарық ортасы бар, оны қалай әлемдік арт-индустрия модельдері бойынша дамыту керек? Қазақстандық шығармашылық бірлестіктер әлемдік креативті кеңістікке белсенді түрде енуге үмтүлуда. Бүгіндегі бізде креативті индустрия саласындағы 18 мыңнан астам кәсіпорын бар.

2) Креативті индустрияны қалыптастырудагы ЖОО рөлі мен білім беру бағдарламаларының мазмұны. Қазіргі уақытта Республикамыздың негізгі төрт шығармашылық ЖОО арт-менеджерлер мен продюссер мамандар дайындауда жаңа заман экономикасы мен білімін қалыптастыруда. Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы осы процеске өз үлесін қосуда.

3) Қазақстан өнері мен мәдениетінің әлеуеті және оны өнер нарығында қандай критерийлер бойынша дамытуға болады? Халықаралық тәжірибеге сай шығармашылық мәдени ортаның бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен кластерлік құрылымдардың өнімдері арқылы қамтамасыз етілуі қажет.

4) Креативті арт нарығы құқықтық-нормативтік негіздерге сүйене отырып дамуы керек. Қазақстан Республикасының Мәдениет туралы занғынамасы бар. 2030 жылға дейінгі ҚР Мәдени саясатының тұжырымдамасы жаңартылуда.

Креативті индустрияның даму тенденциялары мен бағыттарын конференцияға қатысушы кәсіпкерлер, шығармашыл мамандар талдай отырып, экономика үшін маңызды ұсыныстар беретін сөзсіз! Бұл халықаралық конференция креативті индустрия саласындағы алдағы табысты қызмет үшін маңызды бағдар болады деп еспетеймін.

Сіздерге үлкен шығармашылық идеялар мен табыстар тілеймін!

Құрметпен,